

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 02 (516) 31 қаңтар 2022 жыл



ОҚУ ОРДАМЫЗДА ТРАСФОРМАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖАЛҒАСАДЫ

**ҚЫСҚА
ҚАЙЫРҒАНДА**

САДАҚ АТУ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен ҚР Садақ ату, арбалет және дартс Федерациясының ынтымақтастығы аясында оқу орнымызда Садақ ату спорт түрінің залы ашылды.

Ашылу салтанатына ректор Жанар Темірбекова, вице-ректор Асқар Тұрғанбаев және Федерация өкілдері қатысты. Университет қабырғасында ашылған Садақ ату залы – өңіріміздегі жоғары оқу орындары арасында жүзеге асқан тұңғыш жоба болуымен ерекшеленеді.

Садақ ату залы университет студенттері мен қызметкерлеріне қолжетімді. Жаттықтырушылар садақ ату өнерін меңгеруді қалайтындар үшін тегін қызмет көрсетеді. Айта кетейік, бұған дейін ректорымыз Жанар Амангелдіқызы Түркістан облысының Садақ ату, арбалет және дартс тарту Федерациясының Президенті болып тағайындалған болатын.

СТУДЕНТІМІЗ ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Бокстан қыздар арасында Сербия мемлекетінде өткен халықаралық турнирде студентіміз Шойбекова Гаухар чемпион атанды.

«Ұлттар арасындағы халықаралық кубок» турнирі 2022 жылғы 24-30 қаңтар аралығында өтті. Шәкіртіміз байрақты бәсекеде 70 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, алтыннан алқа тақты.

Айта кетейік, Гаухар Шойбекова – Спорт және өнер факультетінің 1 курс студенті.



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың және министр Асхат Аймағамбетовтің қатысуымен өткен жиында білім және ғылым саласындағы 2021 жылғы жұмыс қорытындылары мен 2022 жылға арналған міндеттер талқыланды.

Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев жоғары білім беру саласындағы жоспарлар мен жаңашылдықтар туралы айтты. Вице-министр ғылым саласына ерекше көңіл бөлді. Ол өз сөзінде, ғылым саласын тұрақты қаржыландыру жалғасып, ғалымдарға ғылыми идеяларын жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ұсынылатынын мәлімдеді. Халықаралық университетіміз бұл бағыттағы жұмыстарды нәтижелі атқарып келеді. Оқу орнымызда ғылыми жарияланымдар бойынша ынталандыру төлемдерінің мөлшері 2 есеге арты және Түркиядан келетін ғылыми қызметкерлердің саны өсті. Ғылыми-зерттеу институттарын дамытуға да ерекше назар аударылатынын айтылды. Университетте Түркістан кампусында Түркология халықаралық орталығын құруға бағытталған шаралар қабылдануда. 2022-2024 жылдарға жоспарланған «Аймақтық университеттер» жобасы бойынша университетіміз Ясауи академиялық үстемдік орталығын құру үшін мемлекеттен қаржыландыру грантын ұтып алды. Жоба құны – 4 млрд теңге. Ал археология бағыты бойынша университет ғалымдары 150 миллион теңгені құрайтын жобаны жеңіп алды.

Қуаныш Ерғалиев мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, техникалық бағыттағы кадрларды даярлауға баса мән берілетінін де қоса айтып өтті. Университет бұл бағытта да нәтижелі істер атқарып келеді. Мәселен, инженерия факультетінің базасында Huawei компаниясымен бірлесіп құрылған жаңа форматтағы Huawei ICT Academy зертханасы ашылды. Зертхана IT, цифрлық технология және телекоммуникация саласында жоғары білікті маман даярлауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, былтыр Түркияның техникалық бағыты бойынша ең алдыңғы қатарлы Йылдыз техникалық университетімен меморандумға отырды. Ынтымақтастық оқу орнында техникалық, инженерлік мамандықтарды дамытуға жол ашты. Өзара келісім аясында «Ақпараттық технологиялар» және «Электрэнергетика» мамандықтарын қос дипломды білім беру бағдарламасына жеткізу жоспары бар. Өңірдегі үлкен кәсіпорындармен серіктестік нәтижесінде техникалық сала мамандарын даярлау моделі дайындалды. Жалпы, бұл бағытта атқарылған жұмыстар мен жоспарлар ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

Оқытушы-профессорлар құрамының жалақысын арттыру мәселесіне тоқталсақ. Жаңа оқу жылында университетіміздің еңбекақы төлеу жүйесін жаңғырту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамды ынталандыру тетіктері жетілдірілді. Нәтижесінде, ОПҚ мен әкімшілік қызметкерлерінің жалақысы 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап университет бойынша орташа 20 %-ға өсті.

Білім және ғылым бірінші вице-министрі Шолпан Каринова педагогтердің білім сапасын және біліктілігін арттыру мақсатында ауқымды жұмыстар жоспарланып отырғанын хабарлады. Сауатты мектеп мұғалімдерін даярлау мәселесі біз үшін де өзекті. Университетте білім алатын студенттердің басым көпшілігі педагогикалық мамандықтарда оқитыныдан, білім беру бағдарламаларын қайта қарап, оның сапасын көтеру, заманауи талаптарға сай ету жұмыстарын бастап кеттік. Шәкірттеріміздің теориялық білімін шыңдап қана қоймай, олардың практикалық дағдыларын да қалыптастыруды қолға алдық. Осы мақсатта Түркістан қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебімен ынтымақтастық құрып, педагогикалық бағытта білім алатын шәкірттеріміз 1-ші курстан бастап осы мектеп базасында дуальді білім алу жүйесінде өздерінің біліктігін арттырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған еді. Өрине, алқа отырысында кәмелекетке толмағандардың өмірі, оқуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мәселесі де қалыс қалған жоқ. Дарынды балаларды қолдау жұмысы жанданатыны айтылды. Университетімізде бұл бағытта жыл сайын Түркия Республикасы тарапынан 500 квота бөлініп, қазақстандық талапкерлер тегін білім алу мүмкіндігіне ие бола алады. Оқу орнымыз қабілетті балаларды қолдауға әрқашан дайын екенін дәлелдеп жүр.

Білім және ғылым министрлігінің тікелей бастамасымен атқарылар жұмыстар мен жоспарлар өте көп. Жоғары білім беру жүйесінің өкілі ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мемлекет үшін пайдасы мол әрбір бастамаға қолдау көрсетіп, белсенді қатысады.

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



«МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕГІ ҮЗДІК ЖАРИЯЛАНЫМ» НОМИНАЦИЯСЫН ИЕЛЕНДІ!

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білікті ұстаздарының бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейдулла Садықұлы Садықов ғылымды дамыту мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында ең үздік жариялау бойынша жыл сайын ұйымдастырылатын республикалық конкурста топ жарды. Кәсіби журналист Сейдулла Садықұлы «Мерзімді баспасөздегі үздік жарияланым» номинациясы бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталды!

Университетіміздің Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Әбдуалиұлы Тұрғанбаев марапат иесі Сейдулла Садықұлын арнайы қабылдады. Айтулы жетістігімен құттықтап, табыс тіледі. Біз де қаламы қарымды журналист, білікті ұстаз Сейдулла ұстазымызды марапатымен құттықтаймыз! Ең бірінші маман болуды емес, нағыз адам болуды құлағымызға сіңірген, журналистиканың қыр-сырын үйреткен ұстазымызға қаламыңыз мұқалмасын дегіміз келеді.

Құрметпен,
«Журналистика» мамандығының бір топ білімгерлері



СТУДЕНТТІҢ КИІМ МӘДЕНИЕТІ ОҚУ ОРНЫНА ЛАЙЫҚ ПА?

Қазақстанда жоғарғы оқу орындарында бірдей форма кию міндеттелмеген. Әр студент өзінің қалаған киімін кие алады. Бірақ бұл жайт көп адамдарды толғандыратын мәселеге айналып барады. Әріден орағытпай, өзіміздің оқу орнымыздағы

жағдайды алып қарайық. Халықаралық оқу орны болғандықтан, шетелдерден келіп көптеген студенттер білім алуда. Оқу орны сан түрлі мемлекеттің жастарын бір шаңырақ астына жинап отыр. Енді осы студенттердің киім кию мәдениетіне зер салайық.



Сырғыған уақыт кемесіне мініп, заман көшіне ілесіп келе жатырмыз. Заман талабы солай екен деп көп жайттарды шектен шығарып, асыра сілтеп жатқандаймыз. Солардың ішінде қазіргі жастарымыздың заманға сай деп киген киімдері көңіл қуантарлық емес. Бұлай дейтін себебім, жастарымыздың киген шалбарларын көргенде, құдды бір ит талап тастағандай алба-жұлба, тізесі де жыртық, балтыры да жыртық. Әр жерінен бір ойылған шалбардың сау тамтығы қалмаған. Мұндай шалбарды не үшін киесіңдер деген сұрағыңа «мода» деп жауап береді. Киімнің де киетін өз орны бар емес пе? Түрлі елден келген студенттер де өздерінің сән киімдерін әкеліп, одан әрі шатастыруда. Біз, қазақ жастарымыз, болашақ - біздің қолымызда. Сондықтан, керісінше, шетелден келген студенттерге біздің елдің мәдениетін, киім кию үлгісін үйретуіміз қажет емес пе? Ол үшін әрқайсымыз өз киім үлгімізден бастауымыз керек. Өзгеге еліктегеніміз бізге жараса қоймайды-ау. Ұлттық менталитетімізге сай сән үлгілерімен киінсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Еңлік АЛТЫНБЕКОВА
1-курс студенті

ТҮРКІСТАНДА ОҚЫП ЖҮР, ТАЛАЙ ДАРЫНДЫ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ...

Бұл қыз Шың елінен Атажұртына асыға келді. Өзінің анасы, әкесі сөйлейтін төл тілінің мекені - қалың қазақтың ортасында болу бала күнгі арманы екен. Бүгінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 3-курсында оқиды. Бұйырғаса, журналист болмақ. Сабағы жақсы. Тал шыбықтай бұралған тұла бойында қазақ қызына тән бір нәзіктік бар. Жатақхана бөлмесінде төрде ілулі тұрған қоңыр домбырасымен Алтай, Іле әуендерін асқан шабытпен нақышына келтіре орындайды. Ауық-ауық жатақханаға кезекшілікке барғанда бөлмесіне соқпай кетпеймін. Біз жақта естіле қоймайтын сирек әндерді тыңдағым келеді. Домбыраны қолына алғанда біртүрлі қомданып, қанаттанып кетеді. Шүйкедей қыздың бойынан осыншалық зор дауыстың қайдан шығып жатқанына қайран қаласың! Бұл – Гүлжан. Ықыластың Гүлжаны.

Айтыста да шашасына шаң жұқтырмас нағыз жүйрік. Барған жерінде жүлдесіз қайтқан емес. Кейде айтыс сабақ жайына қарамайды, беймезгіл уақытта ұйымдастырылып жатады. Дәрістен босау қиын. Ондайда бар жауапкершілікті өз мойныма аламын да, нар тәуекел деп қалтасына жол қаржысын салып, батамды беріп шығарып саламын. Содан айтыстан жүлделі қайтқанша тақымымды қысып отырамын. Гүлжанымның үмітімді ақтамай қайтқан кезі жоқ. Осыдан сәл бұрын Жиделіарық ауылының 90 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған «Жүйріктердің құт мекені – Жиделім» атты республикалық жас ақындар айтысында бас жүлдеге ие болса, бұл жолы «Азуын қаққан талайдың, Арзулла Сырдың жүйрігі» атты аймақтық ақындар айтысында 3-ші орынды қанжығасына байлап қайтты. Алтайдан келіп, Түркістанда білім алып жатқан қыздың осылайша оқу мен өнерді қабат алып жүргені қуантады. Барған жерінен жүлдесіз қайтпайтын Гүлжан қыз Жүрсін ағасының көзіне ілігер ме екен, қайтер екен?!



Университетіміздің 2-курсында білім алып жүрген болашақ журналист Гүлжан Ниязованың «Ұлан» газетінде нөмір құрғатпай жарық көріп жататын сұхбаттарын топтас құрбы-достары асыға күтеді және іздеп жүріп оқиды.

Тақырыптары да қызық: «Көркем гимнастика шеберінің әңгімесі», «Ұшақ – ең қауіпсіз көлік», «Агрономға арналған планшет жасады», «Киноны театрдан бөліп алу керек», «Қазақстандағы Рапунцель», «Waterman сыйлығын алған тұңғыш қазақ», «Тимурдың ауа тазартатын Охубот роботы», «Алғашқы «Таурусты» алған қазақстандық топ жайлы білесіз бе?», «Интерьерлік сурет салудың хас шеберіне айналған альпинист», «Футболдан әлем чемпионатын тұңғыш рет қазақ тілінде жүргізген комментатор»...

Тек сұхбат жанрында машықтанған журналистер болады: Джон Смок, Владимир Познер, Ильдар Жандарев, Борис Берман, Андрей Данилко, Дмитрий Гордон, Тимур Балымбетов, Динара Сәтжан, Ұлықбек Шәріпов, Нұрсейіт Жылқышыбай...

Гүлжан да солардың қатарында. Сұрақты ойнатып қояды, тосын сауал тастайды, кейіпкерін әңгімеге жетелейді, оқырманын газетке "байлап" тастайды. Газет сұхбатының сәтті шығуы


тікелей қалам тербеуші журналистке байланысты екенін Гүлжан дәрісханадағы дәрістерден жақсы ұғып алған. «Ұлан» газетінің бас редакторы Жадыра Нармахановаға осыны ұнаса керек. Ұнаған соң жіберген сұхбаттарына газет бетінен орын бөледі.

Айтпақшы, Жадыра Нармаханова да Гүлжан бүгінде білім алып жатқан Ахмет Ясауи университетінің түлегі. Сіңлісінің оң қадамына сырттай тілекші болып, хат-хабар арқылы ақыл-кеңесін айтып отырады.

Гүлжан оқу озаты. Дәрісті онлайн тыңдаса да, білері көп, ізденісі ерек. Өр сабаққа тыңғылықты дайындалып қатысады. Жаңа медиа талаптарын оңынан игере бастағаны байқалады.

"Өзге басылымдарға да жазғаныңды жіберіп тұрасың ба?" деген сауалымызға Гүлжан: «Неге екенін білмеймін, маған осы «Ұлан» газетімен шығармашылық байланысым қатты ұнайды» деп қысқа ғана жауап берді.

Кім білсін, тағдыры қызық адамдармен сұхбаттасушы Гүлжанның шығармашылық қоржынында кішкентай іні-сіңлілеріне ұсынар тақырыптары әлі де түгесілмеген болар...



Бекзат Елмырзаны топтастары үнемі ізденіс үстінде жүретін жігіт ретінде жақсы біледі. Журналистиканың қыр-сырын үйрену үшін қысқы мектепке де барды, жазғы мектепке де барды. Медиа тренингтерді жағалады, кастингтерде бағын сынап көрді. Қысқасы, өндірістік тәжірибеден өткен жерінен мақтау естімей қайтқан кезі болған емес. Топтасы Еркебұлан екеуі түрлі тележобалардың басын шалып жүр. Енді, міне, сол Еркеш екеуі бітіру жұмысын дипломдық жоба түрінде қорғамақ ниетте. Жобаның арқауы болар деректі фильмнің кейіпкерін шалғай ауылдан тапты. Сынықшы Мұрат. Алдымен кейіпкер психологиясын жете зерттеп алып, сосын телесценарий жазуға кірісті.



Кітапханада күнұзақ отырды, деректі фильм жасау технологиясына қатысты көп еңбектерді ақтарып шықты. Телеоператор да өзі, телережиссер де өзі. Ал, монтаж Бекзаттың 1-курстан серік етер хоббиі десек те болар. Сондықтан фильм жасауда қиындық тұмайтынына сенімді. Енді сол дайын фильмді қалай жобалады, қалай түсірді, режиссерлік шешімін қалай тапты, монтажы қалай жүрді? Осының барлығын теориялық тұрғыда қағазға түсіріп, мемлекеттік біліктілік комиссиясының алдында қорғап шықса болғаны, дайын журналист болғалы тұр.

Бекзаттың қолы қалт еткенде жалғыз камерамен оңаша отырып қызықты бейнесюжеттер әзірлейтін де әдеті бар. Формасы қызық, тақырыптары сан-алуан. Көнігі журналистердей өмір ағысына, заман иіріміне ілесіп отырады. Былай қарағанда, көріп қойған, естіп қойған, оқып қойған тақырыбың сияқты. Бекзаттың ұсынуында басқаша қабылдайсың.

Айтпақшы, Бекзат YouTube каналынан өзінің жеке бет парақшасын ашып алды. Өлгі біз айтқан шығармашылық жұмыстарының кейбірін сол жерден тамашалауларыңызға болады.

Міне, сілтемесі:

<https://www.youtube.com/.../UCTzm2voCAmLKaMlj.../featured>

Бекжігіт СЕРДӘЛІ

СҰХБАТ

А.КЕНЖАЛИЕВ:

МЕМЛЕКЕТТІҢ КӘСІПТІК БІЛІМДІ ҚОЛДАУЫ –

«Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» – кәсіби білім беру бағытында қалыптасқан дәстүрі бар университеттің құрылымдық бөлімі. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауда орнықты бағыт ұстанған колледждің көкжиегі кең. Біз колледждің директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Алтынбек КЕНЖАЛИЕВ ПЕН білім ордасының тыныс-тіршілігі туралы сұхбаттасқан едік.

– Алтынбек Тұрлыбиұлы, мектептерде бұрыннан қалыптасқан, үлгерімі төмен, тәрбиесі мен мінезі күрделі «қиын балаларды» 9-сыныптан «колледжге кет» деп ысырып салатын үрдіс болатын, әлі де кездеседі. Айтыңызшы, қазіргі уақытта колледжде оқу қаншалықты тиімді?

– Иә, әрине бұндай факторды жоққа шығаруға болмайды. Оқушыларымыздың арасында тәртібі қиын, үлгерімі төмен балалар қазірде жоқ емес. Бірақ, барлығы солай деп те айта алмаймыз. Әсіресе соңғы жылдары колледжге өз қалауымен келетін талапкерлер саны артуда және олардың арасында оқу үлгерімі жоғары, тәртібі де жақсы балалар көп.

«Қиын топтағы» оқушылардың колледждерге оқуға келуінің себептері де әртүрлі: жоғарыда айтқандай тәртібі мен оқу үлгерімінің нашар болуы, ҰБТ-да шекті балл жинай алмау қаупі, жоғары оқу орындарындағы төлемақының қымбаттығы, отбасындағы әлеуметтік жағдайының төмендігі сияқты күрделі мәселелер бар. «Қиын» екен деп бұл топтағы жастарды қоғамнан тыс қалдыруға болмайды. Тәртіпке шақырып, таңдаған кәсібіне баулып, бойындағы жақсы қырлары мен қабілеттерін ашу арқылы қоғамда өзінің лайықты орнын табуға көмектесуіміз керек. Бізге қойылатын негізгі міндеттердің бірі де осы. Талабы мықты болса әрі қарай оқуын университетте жалғастырып, білімін жетілдіруге мүмкіндік алады. Осы орайда еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау үшін колледждерге мемлекеттік тапсырыс (грант) бойынша орын бөлу және оны жылдан-жылға көбейту арқылы үкімет үлкен әлеуметтік мәселені шешіп отыр деп ойлаймын. Жуырда, облыстық Адам иелеуші дамуы басқармасында өткен жиналыста жаңа, 2022-2023 оқу жылына, облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру орындарында оқыту үшін республикалық бюджеттен 10 мыңға жуық грант орындарына сұраныс жасалғанынан хабардар болдық.

Бұл жақсы жаңалық. Жалпы елімізде 9-сыныпты бітірушілерді колледж деңгейінде толығымен тегін оқыту жобасын қолға алынды. Бұл жерде басымдық бірінші кезекте еңбек нарығына қажетті жұмысшы мамандықтарына беріледі. Мысалы, біздің колледжде дайындалатын: аспаз, кондитер, ветеринарлық санитар мамандықтары осы санатқа енеді. Қазіргі таңда біздің өңіріміздегі

еңбек нарығында сылақшы, кірпіш қалаушы, электрмонтаж шебері, газбен дәнекерлеуші, аспаз, даяшы, шаштараз және т.б. мамандықтарға сұраныс көп. Демек, осындай мамандықтарға мемлекеттік тапсырыс көбейеді деген сөз.

– Колледж тарихы, жеткен жетістіктер мен табыстары туралы айтып өтсеңіз.

– Оқу орнымыз 2001 жылы университетке қарасты аграрлық колледж болып Кентау қаласында ашылды. 2006 жылы Кентауда ұстау тиімсіз деп санағандықтан осында көшірілді. Уақыт өте еңбек нарығының сұранысына орай

үлгідегі интерактивті тақталармен жабдықтадық, 5 компьютер сыныбын толығымен жаңа моноблоктармен қамтамасыз еттік. «Тігін технологиясы», «Робототехника» шеберханаларына, «Ветеринария» және «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтарының зертханаларына қажетті құрал-жабдықтар мен қондырғылар сатып алынды.

Колледждің кітапхана қоры жаңа оқулықтар мен көркем әдебиеттермен жүйелі түрде толығуда. Былтырдан бастап министрлік колледждерге практикалық сабақтар барысында жасаған дүниелерімізді сатып, пайда табуға мүмкіндік берді. Мысалы, біздің болашақ аспаздарымыз бен

кондитерлерімізді практикadan өткізу барысында едәуір шығын жұмсаймыз. Ұн, өсімдік майы және т.б. түрлі қоспаларын сатып аламыз. Оны дайындаған соң өткізу керек қой.

Әзірге өз асханамызда сатып, шығындарын өтеуде. Алдағы уақытта колледждің алдынан кондитер өнімдері дүңгіршегін ашсақ деген жоспарымыз бар. «Ветеринария» мамандығының практикалық дәрістерінде қолданылатын қымбат бағалы «УЗИ Драминского» аппараты бар. Мал ауруларын анықтауда таптырмас құрал, буаздығын анықтаудан бастап, үй жануарларының басқа да түрлі дерттерін анықтайды.

Бүгінде студенттеріміз өздері өндірістік практикаға барған шаруашылықтардан, жеке қожалықтардан аталған аппараттың қызметіне тапсырыстар әкелуде. Сынақ ретінде алғашқы тапсырыстарды орындап

та көрдік. Бұл да бір табыс табудың көзі. Студенттердің бұған қызығушылығы зор. Бюджетке ғана байланбай, қосымша табыс табудың басқа да жолдарын, қаржы көздерін қарастырып жатырмыз.

2019 жылдан бастап оқу ордамыз дүние жүзі шеңберінде жұмысшы мамандықтары бойынша өткізілетін «WorldSkills» чемпионаттарына қатысуда. Бұл сайыс колледждердің білім деңгейін анықтайтын маңызды критерий болып саналады. Соңғы 2020 жылы өткізілген облыстық чемпионатта «Робототехника» және «Кабельдік желілер» құзыреттіліктері бойынша студенттеріміз 1-орын алды, мұнан басқа «Графикалық дизайн», «Веб-дизайн» және «Ветеринария» құзыреттіліктері бойынша қатысқан командаларымыз жүлделі орынға ие болды. Чемпион болған командаларымыз 2021 жылдың қараша айында республикамыздың 30-дан астам колледжінің базасында өткен «WorldSkills-2021» ұлттық чемпионатында Түркістан облысының намысын қорғады. Бүкіл облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың командалары қатысқан үлкен додада екі командамыз да жоғары деңгейдегі өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие



кейбір мамандықтар жабылып, жаңа мамандықтармен толығып, біртіндеп көпсалалы колледжге айналды. Қазір бізде аграрлық бағытта тек «Ветеринария» мамандығы ғана қалды. Бүгінде колледжімізде 1078 студент оқиды. Оның 500-ден астамы мемлекеттік грантта, 500-ден астамы ақылы негізде білім алады.

Университеттің құрылымдық бөлімі болғандықтан, оқу ғимараты, жатақхана, басқа да материалдық-техникалық базалардың игілігін көріп отырмыз. Мұнан басқа университетке қарасты Клиника-диагностикалық орталық, Виварий, Орталық ғылыми кітапхана, спорт нысандары және университеттің басқа да инфрақұрылымдарын колледж студенттерінің тегін пайдалануына мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік жағынан да университеттің оқытушы-профессорларының әлеуетін пайдаланамыз. Жаратылыстану, Инженерия факультеттерінің ғалымдары студенттерімізге дәрістер, апталық мастер-сыныптар өткізіп отырады.

Соңғы жылдары материалдық-техникалық базамызды нығайтып, едәуір жаңалауға қол жеткіздік. Атап айтқанда, оқу аудиторияларын толығымен жаңа

ӘЛЕУМЕТТІК ШЕШІМ

болды. Студенттеріміз бұдан да басқа өз мамандықтары бойынша пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауларына және біліктілік сайыстарына қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Спорт пен өнер саласында да студенттеріміздің мақтануға тұрарлықтай жетістіктері көп.

– Қай мамандықтарыңыз ерекше сұранысқа ие?

– Бізде «Есептеу техникасы» саласы бойынша IT мамандықтарына сұраныс жоғары. Оның ішінде техник-бағдарламашы, веб-дизайн біліктіліктеріне. «Ветеринария», «Дене тәрбиесі және спорт», «Аспаз» мамандықтарына да сұраныс көп. Өйткені, еңбек нарығында бұл мамандықтарға қажеттілік бар. Мысалыға, аспаздықты оқуға келетіндер көпшілігі болашақта өз кәсібін ашуды көздеп келеді. Осы салада отбасылық бизнесі қалыптасқан кейбір азаматтар балаларын «бізге осыны оқу керек» деп әкеліп жатады. Сонымен қатар, қолданыстағы заң талаптарына сәйкес кафе, мейрамхана және т.б. қоғамдық тамақтандыру мекемелерінде де дипломды кәсіби технолог не аспаз жұмыс істеуі керек деген талап бар. Сондай-ақ, облыс орталығына айналғаннан кейін қаламызға көптеген мемлекеттік мекемелер көшіп келді, түрлі салада қызмет ететін кәсіпкерлік субъектілері көбейді. Нәтижесінде «Есеп және аудит» мамандығы бойынша «1С бухгалтерия» бағдарламасын меңгерген мамандарға соңғы кезде тұрақты сұраныс бар. Бізде «1С бухгалтерия» лицензиялық бағдарламасымен жабдықталған арнайы компьютерлік сыныбымыз бар және білікті ұстаздарымыз сапалы мамандар даярлауда. «Құқықтану» мамандығына келушілер де аз емес. Бұл мамандықтың жылдағы контингент деңгейі төмендеген емес.

– Еңбек нарығы талабына сай түлектеріңіз жұмысқа орналасу деңгейі көңілден шығады ма?

– Барлығы бірдей өз мамандығымен жұмысқа тұрып жатыр деп айта алмаймыз, бірақ түлектеріміздің жұмысқа орналасу динамикасы жылдан-жылға өсіп келеді. Өсіресе, техник-программист, ветеринарлық техник, аспаз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу жоғары деңгейде. Колледжді бітірген соң өз кәсібін ашып жатқан бітірушілеріміз де бар. Бірқатары жоғары оқу орындарында оқуын жалғастырады. Дуальды оқу жүйесін енгізудің бітірушілерді жұмысқа орналастыруға үлкен септігін тигізіп жатқанын атап өткім келеді. Мысалыға, «аспаз» мамандығы бойынша биыл оқу бітіретін 24 студенттің 11-і қазіргі уақытта өздері өндірістік оқудан өтіп жатқан «Rixos Turkistan» және «Hampton» қонақ үйлерінің асханасында, «Кәусар» және «Daily Food» кафелерінде жұмыс істеп, тұрақты жалақы алып отыр. Алдағы уақытта да дуальды оқыту бағдарламасы шеңберінде мекемелермен байланысты арттырамыз, тағлымдамаға жиі жіберіп, практикалық дәрістерімізді сол өндіріс орындарында өткізсек деген жоспарларымыз бар. Сосын әрі қарай олар сол өндіріс орындарында жұмысқа тұрып жатса, нұр үстіне нұр. Бұл студенттерге де үлкен мотивация. Болашақтарына сеніммен қарайтын болады. Жуырда Президент тапсырмасымен «Мамандықтар атласы» жасалды. Бұл құжат қолымызға тиді. Қарап шықтық. Мұнда болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие болатын мамандықтар, сұранысы азаятын немесе мүлдем сұранысқа ие болмайтын мамандықтар туралы зерттеулер нәтижесі берілген. Бұл атлас жұмысымызды жоспарлауға, болашаққа болжамдар жасауға үлкен мүмкіндіктер береді.

– Қоғамда «Neet жастар» деген про-

блема бар. Еш жерде оқымайтын не жұмыс істемейтін, азаматтық белсенділігі төмен (ата-анаға ма-сыл) жастардың жайы бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселесі. Әлеуметтанушылардың айтуынша кәсіби колледждер осы проблеманы аздап болса да шешуге ықпал етеді екен. Сіздің пікіріңіз қандай?

– Иә, рас біздің қоғамда еш жерде оқымайтын не жұмыс істемейтін, жұмыс істесе де маусымдық жұмыстарда жүретін, азаматтық белсенділігі төмен жастар буыны қалыптасқанын мойындауымыз керек. Бұл – үлкен әлеуметтік проблема. Жоғарыда айттым облыстық Адами әлеуетті дамыту басқармасы республикалық бюджеттен 10 мың орын (грант) сұрап отыр екен деп. Бұл осы әлеуметтік проблеманы шешудің бір жолы. Мемлекет жастарды жұмысшы мамандықтарына тегін оқытып, өмірден орнын табуға ықпал етуге үлкен көңіл бөліп отыр. Осы ретте колледждердің ролі өте маңызды. Біз тек білім беріп қана қоймаймыз, олармен тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргіземіз, өзін қоғамға қажетті адам ретінде сезінуіне, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстарды жүргіземіз. Қарапайым мысал, қаладағы Р.Сейтметов театрындағы «Ақ босаға арың» қойылымынан шыққан сәттегі кейбір тәртібі нашар, қиқарлау студенттеріміздің жүзіндегі эмоциясын көріп, дұрыс бағытта тәрбие жұмыстарын жүргізіп жатқанымызға сенім пайда болды. Тәрбиелік мағынасы бар түрлі форматтағы нәтижелі іс-шараларды ұйымдастыруды жалғастыра береміз.

– Әңгіме-сұхбатыңызға рахмет. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін.

Сұхбаттасқан:
Өтіргүл ТӘШІМ

ҚАРАПАЙЫМ ӘҢГІМЕ

Мен ұзақ жыл ұстаздық еттім. Аллаға шүкір, оқытқан талай жастар еліміздің әр аймақтарында түрлі деңгейде қызмет етіп жүр. Кейде тойға, қонаққа барғаныңда күтпеген жерден алдыңнан жайраңдап шығып: "Сіз бізге сабақ беріп едіңіз", - деп келіп амандасып тұрады. Көңілің көтеріліп, өткен уақытыңның жемісін көргендей қуанасың. Қазір оны емес, есіме түссе ерекше бір жылы сезім ұялататын оқиғаны айтпақпын.

Бірде бір студент (аты жөнін есіме түсіре алмадым) келіп екі апта сабақтан рұқсат беруімді сұрады. Аралық бақылау уақыты келіп қалған. Сабаққа қатысуы туралы мәліметтер талап етіледі. Оқып тапсыратын қанша әдебиеттер бар, аралық бақылаудың нәтижесі уақытылы өткізілуі керек. Бұның бәрі студенттерге белгілі, әсіресе оқылуға тиіс көркем шығармаларды тапсыру ... Осыларды біле тұра буынсыз жерден пышақ ұрғандай болып отырған шәкіртіме таңдана қарадым. Ауырса, анықтама әкелетіні анық. Ал, бұл... - Саған рұқсат беруіме дәлел болатын себеп айт, тыңдап көрейін, - дедім. - Апай, менің ата-анам жастары келген адамдар, Біраз малымен жан бағып отыр, басқа ешқандай табыс жоқ, үйде менен өзге ер азамат жоқ. Біз Ащысайға жақын тау баурайында тұрамыз, қора қопсымыз бар. Сол үшін үйге барып, малға шөп жинап беруім керек,- деді. Менің көз алдыма Қаратаудың табиғаты бай әсем жоталары келді. Иә, жолда кетіп бара жатқанда малын баққан бірлі жарым үйлер көзге шалынып қалатын. - Дұрыс қой, бірақ оны бір-екі аптадан кейін, бақылаулар біткен соң жинасаң болмай ма?- дедім. - Жоқ, апай, - деп бала орнынан тұрып кетті. - Апай, тауда сасыр деген шөп болады. Ол қазір пісіп жатыр. Оны тек осы кезде ғана жинау керек. Екі аптадан кейін ол сапасын жоғалтады. Ал, қазір жинап алсам, қыста бір уысының өзі малға бір күндік азық болады,- деді. Алдымда отырған балаң бозбала тым өзгеріп, салихалы шаруаға, бір үйдің арқа сүйер азаматына айналып кеткендей болды. - Бар, бара ғой, малыңа шөбіңді жинап келе ғой,- дедім толқып. - Апай, сіз берген кітаптарды алдым, оларды да оқып келемін,- деді кетіп бара жатып. Мен ойланып отырып қалдым. Мен оқытқан кітаптардан да маңыздырақ өмір кітабынан үйреніп жүрген бала, түбінде жаман азамат болмас...

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ

СТУДЕНТ ЖАЗБАСЫ

ТАРАНТЕЛЛА. У ҚАЙТАРАТЫН БИ ЖАЙЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Тарантелла – Италия халқының символына айналған ең танымал итальяндық би түрі. Әр түрлі музыкалық аспаптарда – мандолин, аккордеон, гитарада орындалып, кастанетпен сүйемелденетін, импровизацияға толы, жылдам қарқынмен жүретін, емдік сипаттағы ортағасырлық дәстүрлі бұл би туралы ежелгі аңыздар мен мифтер өте көп.

«Өрмекші биі» ретінде де белгілі Тарантелла итальяндық tarantola сөзінен шыққан. 14-15 ғасырларда Италияның оңтүстігінде, атап айтқанда Таранто ауылында Tarantola деп



аталатын улы өрмекші кең таралып, егістікте істейтін адамдарды жиі шағып алатын болған. Тарантула шағып алған құрбанды тарантата деп атаған. Бидің шығу тарихы тарантула шаққан науқастарды емдеу терапиясымен тығыз байланысты. Өрмекші шаққан адам құсып, сандырақтап, қатты ауырып, мазасызданған. Тіпті, кейбіреулері жан тәсілім еткен. Уға қарсы ешқандай ем-дом, дәрі-дәрмек табылмаған. Жергілікті нанымдарға байланысты науқастарды би терапиясы арқылы емдеу әдісі ұсынылған. Музыканттар науқасты қоршап алып, жылдам қарқынмен музыка ойнап, науқасты да әбден шаршағанша билеткен. Аңыз бойынша, осы ырғақты бидің арқасында өрмекшінің шағуынан зардап шеккен адам тер арқылы денесінен улы кетірген.

Уақыт өте келе аңыздың тылсым сыры жойылып, Тарантелла неке қию рәсімдерінде және басқа да мерекелерде орындалатын жұптық және топтық би түріне айналды. Италияндықтардың наным-сенімі бойынша, тарантелланы жалғыз билеу бақытсыздық әкелетін көрінеді.

XVII-XVIII ғасырлардағы тарантелла ырғақтары бүгінгі күнге дейін сақталғанымен сол кездегі хореографиялық ноталардың жоқтығынан сол ғасырлардағы би формаларын нақты білу мүмкін емес.

Би туралы қызықты деректер

Би – әлемге ортақ тіл, сөзді қажет етпейтін ең қарапайым қарым-қатынас. Өзіңіз кездестірген әр түрлі ел, нәсіл, ұрпақ өкілдерінің тілін түсінбесеңіз де би арқылы көзді ашып-жұмғанша арақашықтықты ұмытып, түсінісе аласыз. Бидің ортақ тіл екенін сезінесіз. Мейрамдарда билеуге, көңіл-күйді білдіруге, Алладан жаңбыр сұрауға, егіннің жақсы болуын тілеу сияқты түрлі мақсатта биді қолдануға болады. Би көңіл көтеруге таптырмас нәрсе. Осы материалымызда би өнері туралы нақты да қызықты мәліметтерді ұсынуды жөн көрдік.

Балет – би өнерінің ең травматикалық түрі болып табылады.

Әйелдердің 90%-ы билегенді ұнатады, ал ерлердің 10%-ы ғана биге әуес.

Кәсіби бишілердің көпшілігі 35 жаста зейнетке шығады. Себебі, бұл мамандық иелері жиі жарақат алады және денеге түсетін физикалық жүктемелер өте көп.

Үндістандық биші Каландалам Хемаленте 123 сағат 15 минут бойы тынымсыз билеп, Гиннестің рекордтар кітабына енген.

Майамиде (Флорида) ең ұзын конга биі бойынша әлемдік рекорд орнатылды. 1988 жылы Майами көшелерінде 119 986 адам билеген.

Әлемнің көптеген елдерінде кәсіби бишілердің әртүрлі ырымдары бар. Мәселен, шоу немесе концерт алдында бишілер әріптестеріне сәттілік тілеу үшін «аяғың сынсын» деп айтады. Яғни, сахнада болуын қалаған нәрсеге қарама-қарсы тілек тілейді.

Швецияда әлемнің ешбір жерінде теңдесі жоқ бірегей би мұражайы бар және ол 1953 жылдан бері үздіксіз жұмыс істейді. Оған бару үшін Швеция астанасы Стокгольмге бару керек.

Қайта өрлеу дәуірінде (Ренессанс кезеңі) той-томалақтарда орындалатын билер ас мәзіріне байланысты болған.

Өткен ғасырдың 70-жылдары АҚШ-та пайда болған брейк-данс спорт түрі ретінде танылып, Олимпиада ойындарының бағдарламасына енді.

Бүгінгі күнге дейін белгілі ең ұзақ би кеші Ирландияның Вексфорд қаласында өтті және 55 сағатқа созылды.

Көрінбейтін атқа міну – Gangnam Style. PSY ерекше би қимылдарымен 2012 жылдың қыркүйегінде ең көп қаралған бейне ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енді.

1950 жылдары Мысырда Belly Dance (іш биі, танец живота) билеуге тыйым салынды.

Король Людовик XIV балетті қатты жақсы көргені сонша, өзінің би академиясын ашқан. Балет стандарттарын қалыптастыру және өнерді жемқорлықтан сақтау үшін Корольдік би академиясын құрған.

Халықаралық би күні ресми түрде 29 сәуірде тойланады.

Перуде 400 жылдан астам уақыт бойы «Қайшы биі» танымал болды. Ол шын мәнінде қолдарында өткір жүздері



бар ұзын қайшыларды ұстау арқылы орындалады. Оның шығу тарихы белгісіз.

Қытайда дәстүрлі «Мың қолдың биі» бар, оған үнемі тура 21 биші қатысады. Оның ерекшелігі қимыл-қозғалыстардың синхронизациясының арқасында көрерменге көп қолды бір әйел билеп тұрғандай әсер қалдыруында.

300-400 жыл бұрын Бразилияға әкелінген африкалық құлдарға жекпе-жек өнерімен айналысуға тыйым салынған. Сондықтан олар бүгін капоэйра ретінде белгілі би мен жекпе-жек қоспасын ойлап тапқан.

Брейк-данс алғаш рет 1970 жылдары Нью-Йорк қаласының Бронкс ауданында соғысып жатқан афроамерикалық көше бандылары арасындағы ұрыстың «аз өлімге әкелетін» түрі ретінде жасалған. Бидің бұл түрі 1990 жылдары бүкіл әлемге танымал болды.

Дайындаған: Гүлжан НИЯЗОВА
ХҚТУ-дың 2-курс студенті



Nevşehir Hacı Bektaş Veli Üniversitesi Rektörü Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanını Ziyaret Etti

Nevşehir Hacı Bektaş Veli Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Semih Aktekin, 2 Şubat 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret ederek ikili iş birliği hususlarını değerlendirdiler.

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE "ARAL DENİZİ EKOLOJİSİNİN ARAL BÖLGESİNE ETKİSİ VE PROBLEMİN ÇÖZÜM YOLLARI" SEMİNERİ DÜZENLENDİ

27 Ocak 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü Araştırmacısı Zhandos Kudaibergenov, "Aral Denizi Ekolojisinin Aral Bölgesine Etkisi ve Problemin Çözüm Yolları" konulu online seminer verdi.

Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdür Yardımcısı Zhengizhan Zhanaltay'ın açılış konuşmasından sonra sunumuna başlayan Avrasya Araştırma Enstitüsü araştırmacısı Zhandos Kudaibergenov, öncelikle Aral Denizi'nin kuruma öncesi durumundan bahsederek Aral Denizi'nin ekolojik sorunu hakkında bilgiler verdi. Zhandos Kudaibergenov, Küçük ve Büyük Aral ayırımı yaparak, Büyük Aral'ın ihmal edildiğini ve bu nedenle gittikçe kuruduğunun altını çizdi. Aral Denizi'nin havzası ve etkilediği alanı üzerinde duran Zhandos Kudaibergenov, Aral'ın etki alanının Sır Derya ve Amu Derya Havzası ülkelerini yukarı havza ülkeleri ve aşağı havza ülkeleri olarak iki kategoride ele alındığını belirtti. Zhandos Kudaibergenov, 30 Haziran 1992 tarihinde Kazakistan'ın, "Aral'daki Çevresel Felaketten Etkilenen Vatandaşların Sosyal Korunması Hakkında" bir yasa kabul ettiğini belirterek yasaya göre Aral ekolojisinden zarar gören bölgelerin ekolojik felaket bölgesi, ekolojik kriz bölgesi ve ekolojik kriz öncesi durum bölgesi olarak üçe ayrıldığını dile getirdi.

Seminerin devamında Zhandos Kudaibergenov, Aral bölgesinin genel alanının 639.400 km² olduğunu belirterek, bu alanın 10 şehir, 19 büyük köy, 634 küçük köyü kapsadığını ifade etti. Aral'ın kurumasının olumsuz sonuçlarından bahseden Zhandos Kudaibergenov, söz konusu çevresel felaketten dolayı hastalıkların arttığını, ölümlerde



de %10 artış görüldüğünü ve tatlı su göllerinin kaybolduğunu, ormanlık alanların da iki kat azaldığı bilgisini paylaştı. Zhandos Kudaibergenov, Aral'ın kurumasından dolayı tuz gölü ve büyük tuz bataklıkları oluştuğunu ve balık endüstrisinin olumsuz etkilendiğini, dolayısı ile

işsizliğin ortaya çıktığını da ifade etti. Aral bölgesinin ekolojik sorunlarının çözümü ve Aral Denizi havzasının sürdürülebilir kalkınması için gösterilen çabalara da değinen Zhandos Kudaibergenov, daha dengeli ve bilimsel olarak sağlam bir tarım ve ormancılık sistemine geçiş, su kaynaklarının ekonomik kullanımı, sulama ve çevre korumasında ileri teknolojilerin uygulanması yoluyla sulama verimliliğinin artırılması ve bölgenin entegre doğal kaynak yönetimi sisteminin iyileştirilmesinin önemine dikkat çekti.

Seminerin sonunda, Kökoral Barajı hakkında da bilgiler veren Kudaibergenov, barajın amacının Küçük Aral'dan Büyük Aral'a su akışını durdurmak ve daha önce Küçük Aral'da var olan su hacmini kademeli olarak artırmak olduğunu belirtti. Sır Derya Nehri yatağının düzenlenmesi ve Aral Denizi'nin kuzey kısmının korunması projesinin (RRSSAM-1) sonuçlarından da bahseden Kudaibergenov, Sır Derya Nehri yatağının düzenlenmesi ve Aral Denizi'nin kuzey kısmının korunması projesi kapsamında 2012'den sonra yapılanlardan da bahsetti.

Seminerin sonunda, katılımcılar konuyla ilgili görüş alışverişinde bulundular.


AHMET YEŞEVİ ÜNİVERSİTESİ ÖĞRENCİSİ GAUHAR SHOYBEKOVA BOKS TURNUVASINDA ŞAMPİYON OLDU



Üniversitemiz Spor ve Sanat Fakültesi 1. sınıf öğrencisi Gauhar Shoybekova, 24-30 Ocak 2022 tarihleri arasında Sırbistan'da düzenlenen "Gençler Uluslararası Boks Turnuvası"nda 70 kg kategorisinde birinci olarak altın madalya kazandı.

Öğrencimizi tebrik ediyor, başarılarının devamını diliyoruz.

KAZAKISTAN CUMHURİYETİ EĞİTİM VE BİLİM BAKANLIĞI TOPLANTISI ÜNİVERSİTEMİZ YÖNETİMİNİN KATILIMIYLA GERÇEKLEŞTİ



Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı tarafından 27 Ocak 2022 tarihinde çevrim içi olarak gerçekleştirilen genişletilmiş kurul toplantısı, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Janar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ile birlikte Üniversitemiz dekan ve bölüm başkanlarının katılımıyla gerçekleştirildi.

Kazakistan Cumhuriyeti Başbakan Yardımcısı Eraly Togzhanov ile Eğitim ve Bilim Bakanı Askhat Aimagambetov'un yönetiminde düzenlenen toplantıda, eğitim ve bilim alanında 2021 yılı çalışmalarının sonuçları ve 2022 yılı görevleri ele alındı.

Toplantıda Ahmet Yesevi Üniversitesinin güncel yükseköğretim faaliyetleri ve 2022 yılında Üniversitemiz Türkistan kampüsünde kurulması planlanan "Uluslararası Türkoloji Merkezi" başta olmak üzere hedeflenen akademik çalışmalar değerlendirildi.

СОҢҒЫ БЕТ

Бәрі де білімгерлер үшін...

Әлемді шарлаған пандемияның әсерінен университет табалдырығын енді ғана аттап жатырмыз. Алғашқы семестрді онлайн оқуға мәжбүр болдық. Екінші семестр дәстүрлі форматқа өтіп, білім ордамызға қайта оралдық. Заман талабына сай оқу орда кампустары, жанға жайлы жатақханалар, кітап қорына бай кітапхана, дәмі тіл үйірер асымен мәнмұдалап тұрған асханалардың бәрі де білімгерлер игілігі үшін толыққанды жұмыс істеуде. Таяуда ғана 1-ші курс білімгерлерін университет кітапханасымен толыққанды таныстыру мақсатында іс-шаралар өткізілді. Онда білімгерлерді кітапхананы пайдалану ережесімен, кітапхана ресурстарымен, әр сала бойынша қойылған оқу залдар, жеке жұмыстарымен айналысу үшін «Коворкинг» орталық, 50 орынды кафетерий, конференция залдары кеңінен таныстырылды.


Жуырда ғана №1 студенттер (ерлер) жатақханасында жаттығу залы ашылды. Ерлер жатақханасындағы оң өзгеріске студенттер қуанып қалды.

Енді студенттер спортпен еркін айналысып, уақытын тиімді пайдалана алады.

Аяла ЕРКІН, 1-курс студенті



Бойындағы қабілетті дамытып, бос уақытыңызды қызықты әрі тиімді өткізгің келсе, Мәдениет орталығында сені білікті мамандар күтеді! “Эстрадалық ән”, “Домбыра”, “Вокалды инструменталды ансамбль”, “КТК”, “Би”, “Көркем сөз оқу шеберлігі” үйірмелері және “Атамекен” ұлт аспаптар оркестрі қабілетті студенттерді өз құрамында көргісі келеді. Келіңіздер!



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы:

журналист

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы:
Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

студент әзілдері

Студент экзаменге келіпті. Мұғалімнің столына бір коробка конфет қойыпты. Мұғалім:

- Жақсы үш

Студент бір коробка торт шығарғанда. Мұғалім:

- Жақсы төрт

Содан кейін студент қымбат бір қалам шығарғанда:

- жақсы бес, зачеткаңызды беріңіз - депті де, сол ручка мен бағасын қойып беріпті. Студент стөлге қойған барлық затты қайтып жинап алып:

- Жақсы, енді барып физикамды қойдырып, алайын-деп кетіп қалыпты.

Студенттік шақты өмірдің ең қызықты, ең жайдарлы кезеңі деп жатамыз. Ал төмендегі оқиғалар бұл сөзіміздің дәлелі бола алатындай. Яғни, күлкі күнін күлкімен өткіземін дегендер үшін бір топ әзіл ұсынылады.

Студенттер асханасы:

- Апай, бір порция манти беріңізші.

- О, жаңалық қой! Шәкіртақы алдың ба?

- Жоқ! Және бес қасық беріңіз!

Қалада оқып жүрген ауыл қызы ауылына қайтып бара жатса керек.

- Ағай, ауылға барғанский?

- Да-да!

- Ағай, қашан жүргенства?

- Міне, қазір жүреміз.

- Ой, ағай, қазақша білем деп айтпайсыз ба, бағанадан бері сізге орысша сөйлеп тұрсам...

Жаңа автокөлік сатып алған бір мақтаншақ студент көшеде әрі-бірі ызғытып жүріп, жол жиегіндегі бағананы сүзіп қалып, ес-түсінен айырылып, ауруханаға апарылыпты. Онда екі апта емделіп, үйіне қайта оралады. Көңілін сұрап келген топтастары:

- Иә, қалайсың? Дәрігерлер не деді?

Ол:

- Дәрігерлер: "Миың жоқ екен, әйтпесе, қатты шайқалатын еді" деп айтты, - деген екен.

Бірде қалада оқитын студент ауылдағы үйіне былай деп хат жазып жібереді:

"Әке, маған дәптер-мәптер, бал-пал, киім-кешек алатын жүз мың теңге салып жіберіңізші".

Сонда әкесі жауап ретінде:

"Балам, дәптер ал, - мәптерді қайтесің, бал ал, - палды қайтесің, киім ал, - кешекті қайтесің, - деп елу мың теңге салып жіберген екен.

Екі студент әңгімелесіп отырып:

- Түсімде сенен қарыз ақша алыппын.

- Оны енді қашан қайтарасың?

- Тағы бір түс көргенде қайтарамын.

Бірде бір студент қалалық топтас досын ауылдағы үйіне қонаққа алып барады. Бара сала апасы дастарқанға әкелген астан дәм тата бастайды. Қалалық жігіт досының апасы жасаған тағамды ұнатпағандығын білдіру үшін:

- Апаңа айтшы, мынау кешегіден қалған ас емес пе, дәмі біртүрлі ғой, - дейді. Мұны естіп қойған апасы:

- Айналайын, бұл алдыңғы күнгі тамақ, кешегі тамақты ертең жейсіңдер! - деген екен.

Күндердің күнінде студент бір жаққа қатты асығып бара жатады. Сонда оны көріп қалған досы:

- Қайда асығып бара жатырсың? - деп сұрайды. Сонда әлгі студент:

- Бүгін бізде емтихан еді, - деп жауап қатады.

- Ааа, бәсе, қандай пәннен? - деп қайта сұрақ қояды.

Ол:

- Білмеймін, барған соң айтады